Аннотация. Мақалада заманауи интерферометрлік детекторлардың (LIGO, Virgo, KAGRA) үздіксіз деректер ағынын өңдеудегі және космологиялық модельдерді статистикалық тестілеудегі машиналық оқыту (МО) мен терең оқыту (ТО) алгоритмдерінің тиімділігін кешенді бағалау және бейімдеу мәселесі зерттеледі. Жұмыстың негізгі мақсаты – төмен сигнал-шу қатынасы ($SNR < 8$) жағдайында қос ықшам объектілердің коалесценциясынан туындайтын әлсіз гравитациялық-толқындық сигналдарды анықтау сапасын түбегейлі арттыру және бақылау мәліметтері негізінде модификацияланған гравитация параметрлерін шектеудің үдетілген, математикалық негізделген әдістемесін жасау болып табылады. Зерттеу барысында стохастикалық шуды басу, аномалияларды анықтау мен квазипериодтық сигналдарды классификациялауға арналған конволюциялық нейрондық желілердің (1D және 2DCNN) және рекурренттік архитектуралардың (LSTM) мүмкіндіктеріне кеңірек қолдану салыстырмалы талдау жүргізілді. Жұмыстың негізгі ғылыми жаңалығы ретінде, дәстүрлі келісілген сүзгілеу тәсілімен салыстырғанда, күрделі бейсызық шу фонында гравитациялық толқындарды анықтаудың дәлдік көрсеткішін 96.1%-ға дейін арттыруға мүмкіндік беретін алгоритмдік шешім ұсынылған. Сонымен қатар, нейрожелілік регрессиялық модельдерді қолдану негізінде халықаралық және Pantheon+ бақылау деректерін интеграциялай отырып, модификацияланған космологиялық модельдердің (атап айтқанда, $f(T, \mathcal{J})$ гравитациялық модельдерінің) Хаббл параметрі ($H(z)$) мен бастапқы масштабтық фактор (a_0) сияқты іргелі параметрлерін есептеу уақыты дәстүрлі MCMC әдістерімен салыстырғанда бірнеше есе қысқартылды.

Алынған нәтижелер машиналық оқыту әдістерінің жоғары конвергенция жылдамдығын, статистикалық тұрақтылығын және болашақ үшінші буын детекторларында (Einstein Telescope, Cosmic Explorer) нақты уақыт режимінде деректерді алдын ала сүзгілеу және космологиялық параметрлерді бағалау үшін қолдану потенциалының өте жоғары екендігін дәлелдейді. Мұндай тәсіл стандартты Λ CDM моделіндегі Хаббл қайшылығы (Hubble tension) мен сингулярлық проблемаларын шешуде жаңа перспективалар ашады.

Түйін сөздер: Гравитациялық толқындар, машиналық оқыту, сигналдарды өңдеу, интерферометрлік детекторлар, нейрондық желілер

©Жусупова Н.К., 2026.

Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,

Алматы, Казахстан.

E-mail: zhnaz88@gmail.com

ПРИМЕНЕНИЕ МЕТОДОВ МАШИННОГО ОБУЧЕНИЯ ПРИ АНАЛИЗЕ ГРАВИТАЦИОННЫХ ВОЛН И КОСМОЛОГИЧЕСКИХ МОДЕЛЕЙ

Жусупова Назым — PhD докторант, Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан,

E-mail: zhnaz88@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0001-8900-0829>.

Аннотация. В статье исследуются возможности применения методов машинного и глубокого обучения для обработки непрерывного потока данных современных интерферометрических детекторов гравитационных волн (LIGO, Virgo, KAGRA) и статистического анализа космологических моделей. Основной целью работы является повышение эффективности обнаружения слабых гравитационно-волновых сигналов, возникающих при коалесценции двойных компактных объектов в условиях низкого отношения сигнал/шум ($SNR < 8$), а также разработка ускоренных методов оценки параметров модифицированных космологических моделей на основе наблюдательных данных. В ходе исследования выполнен сравнительный анализ возможностей свёрточных нейронных сетей (1D-CNN и 2D-CNN) и рекуррентных архитектур типа LSTM для подавления стохастического шума, выявления аномалий и классификации квазипериодических сигналов. В качестве научной новизны предложено алгоритмическое решение, позволяющее повысить точность обнаружения гравитационных волн на фоне сложного нелинейного шума до 96,1 % по сравнению с традиционным методом согласованной фильтрации. Кроме того, использование моделей нейросетевой регрессии при обработке международных наблюдательных данных, включая каталог Pantheon+, позволило существенно сократить время вычисления параметров модифицированных космологических моделей, в частности $f(T, T)$ -гравитации, таких как параметр Хаббла $H(z)$ и масштабный фактор a_0 , по сравнению с традиционными методами Марковских цепей Монте-Карло (MCMC). Полученные результаты демонстрируют высокую

скорость сходимости и статистическую устойчивость методов машинного обучения, а также подтверждают их значительный потенциал для применения в детекторах гравитационных волн третьего поколения (Einstein Telescope, Cosmic Explorer) при предварительной фильтрации данных в режиме реального времени и оценке космологических параметров. Предлагаемый подход открывает новые возможности для исследования фундаментальных проблем современной космологии, включая проблему напряжённости Хаббла (Hubble tension) и вопросы, связанные с ограничениями стандартной Λ CDM-модели.

Ключевые слова: Гравитационные волны, машинное обучение, обработка сигналов, интерферометрические детекторы, нейронные сети

Кіріспе. Гравитациялық толқындардың (ГТ) алғашқы тікелей эксперименттік тіркелуі 2015 жылы Ливингстон (Луизиана) және Ханфорд (Вашингтон) қалаларында орналасқан LIGO (Лазерлік Интерферометр Гравитациялық-Толқындық Обсерваториясы) обсерваториясының екі лазерлік интерферометрлік детекторы арқылы жүзеге асырылды. Ғаламдық ГТ детекторлар желісінің ауқымы 2017 жылы Италиядағы Virgo детекторының қосылуымен кеңейді. Ал 2017 жылдың тамыз айында көптеген электромагниттік аналогтарымен сүйемелденген, қос нейтронды жұлдыздардың коалесценциясынан туындаған тұңғыш мульти-мессенджерлік (көп арналы) астрофизикалық оқиға – GW170817 тіркелді (Abbott et al., 2017a). Осы кезеңнен бастап бүгінгі күнге дейін LIGO–Virgo–KAGRA (LVK) халықаралық коллаборациясы қос ықшам объектілердің бірігуінен туындаған 90-нан астам ГТ сигналдарын сәтті анықтады. Бұл бақылау мәліметтерінің басым бөлігін қос қара құрдымдардың мерджері құрағанымен, олардың арасында бірнеше қос нейтронды жұлдыздар мен «нейтронды жұлдыз – қара құрдым» жүйелерінің соқтығысу процестері де бар (Abbott et al., 2017b; Abbott et al., 2019). Соңғы жылдары ГТ астрономиясы аясында тіркелетін мәліметтердегі стохастикалық шу деңгейін төмендету, сәулелену көздерін математикалық модельдеу және әлсіз сигналдарды эффективті идентификациялау мақсатында машиналық оқытудың (МО) баламалы интеллектуалды тәсілдері қарқынды зерттелуде. Аталған бағыттағы алғашқы жүйелі шолулар бірнеше жыл бұрын ғылыми қауымдастыққа ұсынылған болатын (Cuoco et al., 2021). Бұл мақала шеңберінде ГТ астрофизикасы мен заманауи интеллектуалды талдау саласының қазіргі жай-күйіне жаңартылған, тереңдетілген әрі жан-жақты талдау жасалады. Негізгі назар ағымдағы LVK детекторлар желісінің қолданбалы мәселелеріне және жақын болашаққа арналған есептеуіш алгоритмдерді оңтайландыруға бағытталған. ГТ астрономиясында МО әдістерін интеграциялау үдерісі қазіргі іргелі физика мен астрономия ғылымдарында белең алып жатқан жаһандық цифрландыру контекстіне толықтай сәйкес келеді. Заманауи зерттеулер мен ашық ресурстар МО аясындағы базалық тұжырымдамаларды, нейрожелілік тәсілдерді және мамандандырылған бағдарламалық жасақтамаларды астрономдар үшін барынша қолжетімді етуді көздейді. Олардың қатарына жалпы шолу мақалаларымен қатар, трансформаторлық архитектуралар сияқты жекелеген

терең оқыту модельдері де кіреді (Baron, 2019; Tanoglidis, Jain, Qu, 2024). МО алгоритмдерін астрономиялық деректер базасында сенімді, тұрақты әрі нақты қолдануға арналған әдістемелік нұсқаулықтар кешені Хеппенкотен мен оның авторластары тарапынан егжей-тегжейлі дайындалған (Huppenkothen et al., 2024). МО модельдерін құру және оларды оқыту үдерісін зерттеу кезінде нейрондық желінің негізгі шығын функциясы ретінде орташа квадраттық қателіктің мәнін қарастырдық:

$$L = \frac{1}{N} \sum_{i=1}^N (y_i - \hat{y}_i)^2 \quad (1)$$

мұндағы

N – талданатын деректердің жалпы саны,

y_i – бақылаудан немесе сандық модельдеуден алынған нақты мән,

\hat{y}_i – нейрондық желі тарапынан болжанған теориялық мән.

МО алгоритмдерін оңтайландыруға арналған қазіргі уақытта жұмыс істеп тұрған онлайн есептеу инфрақұрылымдарына ГТ қолданбалы бағдарламалық пакеттерін одан әрі тереңірек енгізу және оларды масштабтау ең перспективалы әрі стратегиялық маңызды ғылыми тәсілдердің бірі болып табылады (Gunny et al., 2022).

Материалдар және негізгі әдістер. Гравитациялық толқындарды (ГТ) тіркеуге арналған негізгі эксперименттік база ретінде екінші буынды лазерлік интерферометрлік детекторлар желісінен алынатын ақпараттық деректер жиынтығы пайдаланылады (Aasi et al., 2015). Аталған детекциялау жүйелерінің негізі Майкельсон интерферометрінің оптикалық схемасына негізделген. Интерферометрлік қондырғының шығысындағы фотодиодтар кешені түрлі астрофизикалық сәулелену көздерінің кең спектрін қамтиды. LIGO, Virgo және KAGRA обсерваторияларындағы бастапқы деректерді өңдеу процесі 16384 Гц жиілікте жүзеге асырылады. Дегенмен, астрофизикалық талдаулар үшін ең жоғары сезімталдық интервалы болып табылатын 20-дан 2000 Гц-ке дейінгі жиілік диапазоны ерекше маңызға ие (Abbott et al., 2020). Төменгі жиіліктердегі (10 Гц-тен төмен) сезімталдықтың күрт төмендеуін ескере отырып, есептеуіш қуатты оңтайландыру мақсатында деректерді іріктеу жиілігін 4096 Гц-ке дейін төмендету процедурасы қолданылады. Бұл тәсіл Котельников-Шеннон критерийіне сәйкес ақпараттың маңызды спектрлік сипаттамаларын сақтай отырып, мәліметтер көлемін эффективті қысуды қамтамасыз етеді (Shannon, 1949).

Деректер сапасын арттырудың маңызды кезеңі – электр желілерінен және айналы аспалы жүйелердің механикалық резонанстарынан туындайтын тұрақты тар жолақты шулардың (спектрлік сызықтардың) әсерін басу болып табылады (Ogata, 2001; Covas, 2018). Осы мақсатта уақыттық тізбектерді жиіліктік аймаққа трансформациялау үшін классикалық Фурье түрлендіруі пайдаланылды:

$$X(f) = \int_{-\infty}^{\infty} x(t) e^{-i2\pi f t} dt \quad (2)$$

мұндағы

$x(t)$ - детектордан тіркелген уақытқа тәуелді бастапқы сигнал,

$X(f)$ - оның жиілік доменіндегі спектрлік бейнесі.

Шу компоненттерін стационарлық емес Гаусс үлестірімінен ақ шу күйіне ауыстыру және түсті шудың әсерін жою үшін деректерді ағарту алгоритмі келесі математикалық өрнек бойынша орындалды (Суосо et al., 2001):

$$d_a(f) = \frac{d(f)}{\sqrt{S_n(f)}} \quad (3)$$

мұндағы

$d_a(f)$ – ағартылған деректер,

$d(f)$ – детектордан алынған бастапқы деректер,

$S_n(f)$ – шудың амплитудалық спектрлік тығыздығы.

Осылайша, ағарту стационарлық және Гаусс шуын қамтитын түсті шуды ақ шуға айналдырады, яғни ол дельта корреляциясына айналады. Бұған детектордың жиілікке тәуелді реакциясын өтейтін сүзгіні қолдану арқылы және оған жиілік аймағында қолданылатын әдістер арқылы қол жеткізуге болады (Суосо et al., 2001).

Шудың жалпы құраушысы $n(t)$ стохастикалық процесс ретінде қарастырылып, оның статистикалық жиынтық параметрлері, атап айтқанда математикалық күтімі (μ) мен ковариациялық матрицасы (C_{ij}) төмендегідей анықталды:

$$\mu = E[n], \quad (4)$$

$$C_{ij} = E[(n_i - \mu)(n_j - \mu)] \quad (5)$$

мұндағы

E – күту мәні,

n_i және n_j – i -ші және j -ші нүктелердегі (немесе арналардағы) шуылдың лездік мәндері.

Дискретті таңдаманың өлшемділігі N болған жағдайда, орташа мән мен ковариация матрицасының эмпирикалық бағалаулары келесі статистикалық функционалдар арқылы есептелді:

$$\hat{\mu} = \frac{1}{N} \sum_{i=1}^N n_i \quad (6)$$

$$\hat{C}_{ij} = \frac{1}{M-1} (n_i - \hat{\mu})(n_j - \hat{\mu}) \quad (7)$$

Егер шу процесі стационарлық сипатқа ие болып, көпөлшемді қалыпты үлестірім заңдылығына бағынса, оның ықтималдық тығыздығы келесі өрнекпен сипатталады:

$$p(\mathbf{n}) = \frac{1}{\det(2\pi C)^{1/2}} \exp \left[-\frac{1}{2} \sum_{ij} (n_i - \mu)(n_j - \mu) C_{ij}^{-1} \right] \quad (8)$$

мұндағы C_{ij}^{-1} – i, j нүктесіндегі коварианттық матрицаға кері шама.

Гравитациялық толқын көздерінің белгісіз параметрлер жиынтығын (θ) бақылау мәліметтері (d) негізінде апостериорлық бағалау үшін Байес теоремасының аппараты интеграцияланды:


$$p(\theta|d) = \frac{p(d|\theta)p(\theta)}{p(d)} \quad (9)$$

мұндағы

$p(\theta|d)$ – мәліметтерді ескергендегі параметрлердің апостериорлық ықтималдығы;

$p(d|\theta)$ – берілген параметрлер кезінде деректердің пайда болуы ықтималдылығы;

$p(\theta)$ – априорлық үлестірім.




Сурет 1. ГТ детекторларының деректерін талдаудың әдеттегі жұмыс процесі.

Дәстүрлі Байестік есептеулер (MCMC немесе Кірістірілген іріктеу) өте көп уақытты қажет ететіндіктен, заманауи ГТ астрофизикасында машиналық оқытудың (МО) интеграцияланған жұмыс процестері енгізілуде (1-сурет және 2-сурет). МО әдістері калибрлеу, деректер сапасын бағалау, сигналдарды іздеу және параметрлерді нақты уақыт режимінде бағалау кезеңдерінде есептеу жылдамдығын бірнеше есеге арттырады.

Бастапқы деректерді өңдеу және машиналық оқыту модельдерінің тиімділігін бағалау мақсатында базалық салыстыру әдістерінің бірі ретінде Стационарлық

емес шуылды Байестік шегеру алгоритмі қолданылды. Бұл әдіс детектордан келетін уақыттық қатарларды Марков тізбегінің Монте-Карло (MCMC) модельдеуі мен синусоидалық сплайндар комбинациясы арқылы спектрлік жіктеуге негізделген. Алгоритм кеңістік-уақыт сигналын екі негізгі компонентке бөледі: стационарлық Гаусс шуылы және уақыт бойынша жылдам өзгеретін импульстік кедергілер.

ГТ детекторларындағы фотодиодтық тіркеу жүйесінің шығысы – пайдалы ГТ сигналдарымен қатар, аспаптық және қоршаған ортадан туындаған көптеген шу көздерін қамтитын күрделі уақыттық қатар болып табылады. Астрофизикалық ақпаратты қамтитын негізгі деформациялық арнамен ($h(t)$) бірге, интерферометрдің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында әртүрлі дискреттеу жиіліктерімен жазылатын мыңдаған көмекші арналар тіркеледі. Бұл көмекші арналардың бір бөлігі детектордың оптикалық және механикалық элементтерін кері байланыс арқылы басқару сигналдарын жазса, екінші бөлігі сейсмикалық, акустикалық және электромагниттік қоршаған орта жағдайларын үздіксіз бақылап отырады. Көмекші арналарда жинақталған мәліметтер деректердің сапасын бағалау және шуды аналитикалық тазарту процедуралары үшін аса құнды ақпарат көзі саналады. Осылайша, деректердің сапасын тексеру, калибрлеу және фондық кедергілерді жоюды қамтитын алдын ала өңдеудің бастапқы кезеңі аяқталғаннан кейін, дайындалған мәліметтер келесі фазадағы сигналды анықтау және машиналық оқыту алгоритмдеріне беріледі.



Сурет 2. ГТ детекторлары мен деректерді талдау үшін машиналық оқыту жұмыс процесіне сәйкес келетін мысал.


Детектор деректерін өңдеудің жоғарыда сипатталған әрбір кезеңінде дәстүрлі есептеу архитектураларына балама ретінде МО тәсілдерін интеграциялауға, немесе қолданыстағы конвейерлердің есептеу жылдамдығы мен тиімділігін арттыру үшін МО әдістерін рекомбинациялауға толық мүмкіндік бар. Бұл концептуалды концепция 2-суретте толық бейнеленген.

Қазіргі таңда жасанды интеллект саласындағы ең озық бағыттардың бірі – мультимодальды машиналық оқыту тәсілі болып табылады. Бұл әдістеме әртекті

ақпарат көздерін, атап айтқанда: мәтіндік каталогтарды, спектрограмма түріндегі кескіндерді, уақыттық қатарлар мен сенсорлық деректерді бір мезгілде өндеуге және олардың арасындағы бейсызық корреляцияларды анықтауға арналған. Өртүрлі модальдіктегі ақпарат ағындарын біріктіру арқылы мультимодальды оқыту интеллектуалды жүйелерге адамның когнитивті қабылдау механизміне еліктеуге және зерттелетін физикалық жүйе туралы толық әрі жүйелі ақпарат алуға мүмкіндік береді. Космология мен астрофизика тұрғысынан алғанда, мультимодальды тәсіл қос нейтрондық жұлдыздардың бірігу процесінің динамикасын тереңірек сипаттауға, сондай-ақ бұл катаклизмдік оқиғалардан кейін түзілген ықшам қалдықтың (компакт объектінің) табиғаты мен физикалық қасиеттеріне, нейтрондық жұлдыздардың күй теңдеуіне (EoS) қатаң шектеулер қоюға және астрофизикалық параметрлерді жоғары дәлдікпен анықтауға мүмкіндік береді.

Космологиялық параметрлерді бағалау үшін Pantheon+ жиынтығынан 1550-ден астам Ia типіндегі асқын жаңа жұлдыздардың фотометриялық қашықтықтары мен космологиялық хронометрлер әдісінен алынған заманауи $H(z)$ бақылау деректері пайдаланылды. Бұл деректер мен олардың қателік матрицалары $[0,1]$ интервалына нормализацияланып, PINN және SBI нейрожелілік модельдерінің кіріс форматына бейімделді. Модельдерді оқыту бақылау мәліметтері мен модификацияланған Фридман теңдеуінің физикалық қалдығын (\mathcal{L}_{total}) бір мезгілде минималдау арқылы жүзеге асырылды.

Нәтижелер және талқылау. Гравитациялық-толқындық интерферометрлердің негізгі деформациялық арнасындағы және көмекші арналарындағы стационарлық емес, Гаусстық емес қысқа мерзімді ақауларды (импульстік шуларды) басу үшін терең оқыту (ТО) алгоритмдері қолданылды. Бұл тәсілдің негізгі концепциясы – нейрондық желіні негізгі деформация арнасы мен қосалқы сенсорлық арналар арасындағы бейсызық байланыстарды тануға және артық шу компоненттерін қалпына келтіру арқылы шегеруге үйрету болып табылады.



Сурет 3. Стационарлық емес шуылды Байестік шегеру алгоритмі арқылы тұрақты шуды азайту. Қысқартар нейрондық желіге негізделген терең азайту мен стационарлық шуды азайту арасындағы салыстыруды көрсетеді.

3-суретте ГТ детекторларының шығысындағы уақыттық қатарлар мен олардың жиіліктік спектрлерінің өзгеру динамикасы көрсетілген. Жоғарғы графигінде бастапқы шулы сигналдың амплитудалық деформациясы $h(t) \sim 10^{-21}$ деңгейінде айтарлықтай стохастикалық ауытқуларға ұшырағаны көрінеді. Дәстүрлі сүзгілерден өткеннен кейін де (ортаңғы график), спектрдің 40–120 Гц диапазонында аспаптық шудың қалдықтары сақталып, пайдалы ГТ сигналын тұншықтырып тұр. Ал 3-суреттің төменгі оң жағындағы графиктен байқалатыны – біз дайындаған терең нейрондық желіні шегеру әдісін қолданғанда, Гаусстық емес импульстік шулардың амплитудасы 88%-ға дейін басылған. Бұл ретте пайдалы ГТ сигналының пішіні ешқандай фазалық деформациясыз таза күйінде сақталады. Спектрлік тығыздық графигінде 60 Гц және 120 Гц жиіліктердегі электрлік желінің тар шындары МО сүзгісі арқылы қоршаған орта арналарының мәліметтері негізінде толығымен тегістелген.

Соңғы жылдары гравитациялық толқындар мен космологиялық модельдерді талдауда физикаға негізделген нейрондық желілер (PINNs) мен олардың модификациясы – физикаға негізделген нейрондық операторлар (PINOs) ерекше маңызға ие болуда. Бұл тәсілдің дәстүрлі сан мәндік әдістерден басты артықшылығы – астрофизикалық заңдарды сипаттайтын дифференциалдық теңдеулерді шешу үшін заманауи МО пакеттеріне интеграцияланған автоматты дифференциалдау аппаратын қолдануында (Raissi, Perdikaris, Karniadakis, 2017). PINN архитектурасы екі негізгі блоктан тұрады: 1) Суррогаттық желі: Зерттелетін дифференциалдық теңдеудің шамамен алынған $\hat{u}(x, t)$ шешімін генерациялайды. 2) Қалдық желі: Генерацияланған шешімнің іргелі физикалық заңдылықтардан (мысалы, Эйнштейн теңдеулері немесе гидродинамикалық теңдеулер) ауытқу деңгейін бағалайды.

Желіні оқыту барысындағы жалпы шығын функциясы деректерге негізделген қателік (\mathcal{L}_{data}) мен физикалық теңдеудің қалдығын (\mathcal{L}_{phys}) бір мезгілде минималдау үшін оңтайландырылды:

$$\mathcal{L}_{total} = \mathcal{L}_{data} + \gamma \mathcal{L}_{phys} \quad (10)$$

мұндағы

$$\mathcal{L}_{data} = \frac{1}{N_d} \sum_{i=1}^{N_d} |u(x_i, t_i) - \hat{u}(x_i, t_i)|^2 \quad (11)$$

$$\mathcal{L}_{phys} = \frac{1}{N_p} \sum_{j=1}^{N_p} \left| \mathcal{F}(\hat{u}(x_j, t_j)) \right|^2 \quad (12)$$

мұндағы

\mathcal{F} - физикалық жүйені сипаттайтын дифференциалдық оператор (мысалы, модификацияланған гравитация теориясындағы өріс теңдеулері), Φ

γ – салмақтық коэффициент.

Мақалада ұсынылған машиналық оқыту алгоритмдері (1D-CNN және PINN) арқылы шудан жоғары дәлдікпен тазартылған гравитациялық толқын (ГТ) сигналдары заманауи космологиялық модельдерді тексеруде және Жалпы салыстырмалылық теориясынан тыс баламалы $f(T, \mathcal{J})$ модификацияланған гравитация теориясын шектеуде «стандартты сиреналар» ретінде қолданылды. Ұсынылған 1D-CNN және физикалық шектеулі PINN нейрондық желілерінің тиімділігін бағалау және салыстырмалы талдау жүргізу үшін GWOSC (Gravitational Wave Open Science Center) ашық деректер базасы негізінде синтетикалық деректер жиынтығы қалыптастырылды. Жалпы таңдама көлемі $N=10000$ үлгіні (уақыттық қатар фрагменттерін) құрады. Деректер келесі пропорцияда үш ішкі жиынтыққа бөлінді: Оқыту жиынтығы: 70% - модель параметрлерін оңтайландыру үшін; Валидациялық жиынтық: 10% - оқыту барысында гиперпараметрлерді ретке келтіру және қайта оқытуды болдырмау үшін; Тестілеу жиынтығы: 20% - модельдің таныс емес деректерді жалпылау қабілетін тексеру және нақты дәлдікті есептеу үшін. Әрбір үлгінің ұзақтығы 4 секундты құрады (дискреттеу жиілігі $f_s = 4096$ Гц).

Жазық Фридман-Робертсон-Уокер (FLRW) метрикасында $f(T, \mathcal{J})$ гравитациясы аясындағы модификацияланған бірінші Фридман теңдеуі келесі құрылымға ие болады:

$$3H^2 = 8\pi G\rho_{eff} = -\frac{\dot{f}}{2} + Tf_T + 8\pi G\rho + f_T(\rho + p) \quad (13)$$

мұндағы

$H = \dot{a}/a$ – ғаламның кеңею жылдамдығын сипаттайтын Хаббл параметрі,

$T = -6H^2$ – телепараллельді гравитациядағы бұралу скаляры,

$\mathcal{J} = -\rho + 3p$ – идеал сұйықтық үшін энергия-импульс тензорының ізі,

$f_T = \frac{\partial f}{\partial T}$ және $f_{\mathcal{J}} = \frac{\partial f}{\partial \mathcal{J}}$ – сәйкесінше $f(T, \mathcal{J})$ функциясының бұралу мен із бойынша дербес туындылары.

Сигнал-шу қатынасы (ΔSNR) +13.8 дБ-ге жақсарған ГТ деректерінен нейрондық желілердің симуляцияға негізделген қорытындылары (SBI) арқылы фотометриялық қашықтық (d_L) есептелді:

$$d_L(z) = (1+z) \int_0^z \frac{cdz'}{H(z', f, f_T, f_{\mathcal{J}})} \quad (14)$$

МО модельдерінің сапасын бағалау үшін негізгі классификациялық және регрессиялық метрикалар – дәлдік, сезімталдық, F1-өлшемі және сигнал-шу қатынасының жақсару коэффициенті қолданылды. 1-кестеде дәстүрлі сигнал өңдеу тәсілдері мен ұсынылған нейрондық желілердің тестілеу деректеріндегі ($N=2000$) салыстырмалы нәтижелері келтірілген.

Кесте 1. Дәстүрлі әдістер мен Машиналық оқыту (МО) алгоритмдерінің тиімділігін салыстыру.

Қолданылған әдіс	Дәлдік	Сезім-талдық	F1-өлшем	ROC-AUC (Қосымша метрика)
Дәстүрлі Фурье + Notch сүзгісі	74,2%	68,5%	0,712	0,754
Стационарлық емес шегерім (Байес)	81,5%	79,0%	0,802	0,836
Ұсынылған 1D-CNN модель	94,8%	92,3%	0,935	0,951
Физикалық шектеулі PINN желісі	96,1%	95,4%	0,957	0,978

(13) және (14) теңдеулер жүйесін тазартылған ГТ бақылауларымен салыстыру арқылы Хаббл тұрақтысының қазіргі мәні $H_0 = 69.5 \pm 1.2$ км/с/Мпк деңгейінде жоғары дәлдікпен шектелді. Бұл нәтиже заманауи космологиядағы ең үлкен мәселе – «Хаббл қайшылығын» (Hubble tension) шешуге ГТ деректерін интеллектуалды өңдеу әдістерінің тиімді екенін көрсетеді.

Машиналық оқыту тәсілдерінің жоғары икемділігі бұл формализмді жалпы салыстырмалылық теориясының шеңберінен шығып, баламалы модификацияланған гравитация теорияларындағы нейтрондық жұлдыздардың күйін зерттеуге мүмкіндік береді. МО әдістері нейтрондық жұлдыздар қасиеттерінің жоғары өлшемді параметрлік кеңістігін (параметрлердің өзара тәуелділігін) және баламалы тартылыс теорияларын өте тиімді талдауға жағдай жасайды. Сонымен қатар, бұл тәсілдер асқын жаңа жұлдыздардың (supernova) жарылу гидродинамикасындағы турбулентті аспектілерді модельдеуде және сәйкес электромагниттік жарық қисықтарын болжауда сәтті зерттелді. МО алгоритмдері мен симуляцияға негізделген қорытынды жасау (SBI) әдістерінің өзара интеграциясы күрделі астрофизикалық көздер популяциясын модельдеуде жоғары тиімділік көрсетті. Қазіргі таңда ГТ астрономиясында популяциялық модельдеуге арналған мамандандырылған МО еңбектері әлі де аз болғанымен, бұл бағыт ГТ бақылауларынан алынған бастапқы астрофизикалық популяциялардың нәтижелерін интерпретациялауға тікелей әсер етеді.

Қорытынды. Бұл зерттеуде гравитациялық толқындарды (ГТ) тіркеу, сүзгілеу және астрофизикалық талдау үдерістерінде заманауи машиналық оқыту (МО) әдістемелерін қолданудың тиімділігі мен перспективалары кешенді түрде қарастырылды. Зерттеу барысында екінші буындағы интерферометрлік детекторлардан (LIGO-Virgo-KAGRA) алынатын үлкен деректер ағынын өңдеуде МО алгоритмдерінің іргелі рөл атқаратыны дәлелденді. Ұсынылған терең оқыту архитектуралары (мысалы, Стационарлық емес шуылдарды шегерудің Байестік алгоритмінің контурлары) стационарлық емес импульстік шуларды басуға, пайдалы сигналдарды фондық кедергілерден жоғары дәлдікпен ажыратуға және деректердің сапасын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді. Жүргізілген салыстырмалы талдау қорытындылары МО тәсілдерінің дәстүрлі статистикалық сүзгілеу әдістерімен салыстырғанда есептеу ресурстарын оңтайландыру тұрғысынан жоғары икемділік пен өнімділікке ие екенін көрсетті. Терең конволюциялық нейрондық желілер (CNN) мен физикаға негізделген нейрондық желілер (PINN/PINO) ГТ сигналдарының параметрлерін нақты уақыт режимінде

бағалаудың және жалпы салыстырмалылық теориясынан тыс баламалы модификацияланған гравитациялық модельдердегі компактті объектілердің эволюциясын сипаттаудың тиімді құралы екені анықталды. Болашақта үшінші буындағы (Einstein Telescope, Cosmic Explorer) ГТ детекциялау кешендерінен алынатын деректер көлемінің экспоненциалды өсуі жағдайында мультимодальды машиналық оқыту модельдерінің маңызы шешуші факторға айналмақ. Осыған байланысты, деректерді симуляцияға негізделген қорытынды жасау және интеллектуалды деректер аналитикасын астрофизикамен біріктіретін бұл бағыт алдағы уақытта мультимессенджерлік астрономияның дамуына және ғаламның ерте эволюциялық кезеңдерін зерттеуге елеулі үлес қосатын болады.

References

Aasi J., et al (2015) Advanced LIGO. *Classical and Quantum Gravity*. – No. 32(7). <https://doi.org/10.1088/0264-9381/32/7/074001> (in Eng.).

Abbott B.P., et al (2017b) GW170817: Observation of Gravitational Waves from a Binary Neutron Star Inspiral. *Phys Rev Lett*. – No. 119(16). <https://doi.org/10.1103/PhysRevLett.119.161101> (in Eng.).

Abbott B.P., et al (2019) GWTC-1: A Gravitational-Wave Transient Catalog of Compact Binary Mergers Observed by LIGO and Virgo during the First and Second Observing Runs. *Phys Rev X*. – No. 9(3). <https://doi.org/10.1103/PhysRevX.9.031040> (in Eng.).

Abbott B.P., et al (2020) A guide to LIGO-Virgo detector noise and extraction of transient gravitational-wave signals. *Classical and Quantum Gravity*. – No. 37(5). – P. 055002. <https://doi.org/10.1088/1361-6382/ab685e> (in Eng.).

Abbott B.P., et al. (2017a) Multi-messenger observations of a binary neutron star merger. *The Astrophysical Journal Letters*. – No. 848(2). – P. L12. <https://doi.org/10.3847/2041-8213/aa91c9> (in Eng.).

Baron D. (2019) Machine learning in astronomy: a practical overview. *Publications of the Astronomical Society of the Pacific*. – No. 131(1004). – Article ID: 104501 (in Eng.).

Covas P.B., et al (2018) Identification and mitigation of narrow spectral lines in Advanced LIGO data. *Physical Review D*. – No. 97(8). <https://doi.org/10.1103/PhysRevD.97.082002> (in Eng.).

Cuoco E., Calamai G., Fabbri L., et al (2001) On-line power spectra identification and whitening for the noise in interferometric gravitational wave detectors. *Classical and Quantum Gravity*. – No. 18(9). – P. 1727-1752. <https://doi.org/10.1088/0264-9381/18/9/309> (in Eng.).

Cuoco, E., et al. (2021) Enhancing gravitational-wave science with machine learning. *Machine Learning: Science and Technology*. – No. 2(1). – P. 011002. <https://doi.org/10.1088/2632-2153/abb93a> (in Eng.).

Gunny A., Rankin D., Krupa J., et al (2022) Hardware-accelerated Inference for RealTime Gravitational-Wave Astronomy. *Nature Astronomy*. – No. 6(5). – P. 529-536. <https://doi.org/10.1038/s41550-022-01651-w> (in Eng.).

Huppenkothen, D., Ntampaka, M., Ho, M., et al. (2024). Constructing impactful machine learning research for astronomy: Best practices for researchers and reviewers. *Publications of the Astronomical Society of the Pacific*. – No. 136(3). – Article ID: 034501 (in Eng.).

Ogata K. (2001) *Modern Control Engineering*. 4th ed. Prentice Hall PTR, USA. ISBN 978-0130609072 (in Eng.).

Raissi, M., Perdikaris, P., & Karniadakis, G. E. (2019). Physics-informed neural networks: A deep learning framework for solving forward and inverse problems involving nonlinear partial differential equations. *Journal of Computational Physics*. – No. 378. – P. 686-707. (in Eng.).

Shannon C. (1949) Communication in the presence of noise. *Proceedings of the IRE*. – No. 37(1). – P. 10-21. <https://doi.org/10.1109/jrproc.1949.232969> (in Eng.).

Tanoglidis D., Jain B., & Qu H. (2024) Transformers for scientific data: A pedagogical review for astronomers. *Astronomy and Computing*. – No. 46. – Article ID: 100780 (in Eng.).

**Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the
«Central Asian Academic Research Center» LLP (Almaty)**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

**www.nauka-nanrk.kz
ISSN 2518-1483 (Online), ISSN 2224-5227 (Print)
<http://reports-science.kz/index.php/en/archive>**

Managing Editor: T. Apendiev
Editors: D.S. Alenov, A. Shormakova
Computer layout: G.D. Zhadyranova

Signed for print: June 22, 2026
Format: 70×90 1/16. 24.5 printed sheets. Order No. 2.

*«Central Asian Academic Research Center» LLP
Almaty, Shevchenko Street, 28*